

Л ЖӘНЕ Л' ДЫБЫСТАРЫН АВТОМАТИЗАЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Л, Л' дыбысына арналған артикуляциялық жаттығулар

1. «Терезеше» – ауызды ашқанда – “ыстық”, ауызды жапқанда – “суық”.
 2. «Алтыбақан» тілді жіңішкертіп ұстап кезекпен мұрынға, иекке қарай созу. Бірақ ауызды ашып ұстау керек. Осылайша 15 рет қайталау қажет.
 3. «Кесе» ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай тілдің жандары мен ұшын «кесе» формасында жоғары көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.
 4. «Жоғарғы жоғарғы тістерді тазалаймыз» - жымыып, ауызды ашып, тілдің ұшымен жоғарғы тістердің ішкі жағын “тазалаймыз”. Қимыл жоғары-төмен және оңға-солға болады.
 5. «Төбені сырлаймыз» – ауызды ашып, тілдің ұшын артқа-алдыға қарай бағытта қатты таңдайда жүргіземіз.
 6. «Тентек тіл» - жымыып, жеңіл түрде тілдің ұшын тістейміз.
 7. «Ине» ауыз ашық. Тілді жіңішкертіп ауызды шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.
- Ескерту:** автоматизация дыбыс қойылғаннан кейін жүргізіледі, сондықтан дыбыс қате айтылған жағдайда баланың есіне салып, дыбысты жөндеп отыру қажет.

[л] дыбысын автоматизациялау

1. Буындарды қайталау.

ЛА – ЛА – ЛЫ	ЛЫ – ЛЫ – ЛА	ЛУ – ЛУ – ЛО	ЛУ – ЛУ –
	ЛУ		
ЛА – ЛЫ – ЛЫ	ЛЫ – ЛА – ЛА	ЛУ – ЛО – ЛО	ЛО – ЛУ –
	ЛУ		
ЛА – ЛЫ – ЛА	ЛЫ – ЛА – ЛЫ	ЛО – ЛУ – ЛУ	ЛУ – ЛУ –
	ЛУ		

2. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз):

ЛА – ЛО – ЛУ – ЛЫ	УЛ – ЫЛ – УЛ – ЫЛ
ЛО – ЛУ – ЛА – ЛЫ	УЛ – ОЛ – ЫЛ – АЛ
ЛУ – ЛА – ЛЫ – ЛО	УЛ – ЫЛ – АЛ – ОЛ
ЛУ – ЛУ – ЛО – ЛУ	ЫЛ – ҰЛ – ОЛ – ҰЛ
ЛА – ЛЫ – ЛО – ЛУ	ҰЛ – УЛ – ОЛ – ЫЛ
ЛУ – ЛО – ЛО – ЛУ	

3. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

ЛА

ла – ла – ла – лала

ла – ла – ла – лақ

ла – ла – ла – лама
ла – ла – ла – ала
ла – ла – ла – бала
ла – ла – ла – сала
ла – ла – ла – нала
ла – ла – ла – шағала

ЛЫ

лы – лы – лы – толы
лы – лы – лы – аспалы

жұқпалы

лы – лы – лы – алмалы

қалталы

лы – лы – лы – сұлы

қолданбалы

ЛУ

лу – лу – лу – алу
лу – лу – лу – қалу
лу – лу – лу – болу
лу – лу – лу – құтылу
лу – лу – лу – тығылу
лу – лу – лу – сұлу

ЛҰ

лұ – лұ – лұ – Лұқпан

ЛО

ло – ло – ло – лото

ла – ла – ла – лайық
ла – ла – ла – жала
ла – ла – ла – қала
ла – ла – ла – дала
ла – ла – ла – шала
ла – ла – ла – қола

лы – лы – лы – қалы
лы – лы – лы –

лы – лы – лы –

лы – лы – лы –

лу – лу – лу – салу
лу – лу – лу – жұлу
лу – лу – лу – толу
лу – лу – лу – жығылу
лу – лу – лу – ұлу
лу – лу – лу – бұзылу

лұ – лұ – лұ – Лұт

ло – ло – ло – логос

4. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

АЛ

ал – ал – ал – Алтай
ал – ал – ал – Алатау
ал – ал – ал – алма
ал – ал – ал – алты
ал – ал – ал – алым
ал – ал – ал – алаша
ал – ал – ал – алақай
ал – ал – ал – алу
ал – ал – ал – тал
ал – ал – ал – бал
ал – ал – ал – сақал
ал – ал – ал – жал
ал – ал – ал – самал

ОЛ

ол – ол – олжа
ол – ол – ол – олақ
ол – ол – ол – тол

ал – ал – ал – Алматы
ал – ал – ал – Албан
ал – ал – ал – алқа
ал – ал – ал – алып
ал – ал – ал – алтын
ал – ал – ал – аласа
ал – ал – ал – алақан
ал – ал – ал – Алпамыс
ал – ал – ал – мал
ал – ал – ал – сал
ал – ал – ал – көкжал
ал – ал – ал – шал
ал – ал – ал – қамал

ол – ол – ол – олқы
ол – ол – ол – мол
ол – ол – ол – сол

ол – ол – ол – бол
ол – ол – ол – жол

ЫЛ

ыл – ыл – ыл – қызыл
ыл – ыл – ыл – дауыл
ыл – ыл – ыл – дабыл

ҰЛ

ұл – ұл – ұл – ұлық
ұл – ұл – ұл – Ұлжан
ұл – ұл – ұл – Ұлпан
ұл – ұл – ұл – ұлт
ұл – ұл – ұл – тұл

ол – ол – ол – қол
ол – ол – ол – гол

ыл – ыл – ыл – жасыл
ыл – ыл – ыл – ауыл
ыл – ыл – ыл – қабыл

ұл – ұл – ұл – Ұлықбек
ұл – ұл – ұл – Ұлту
ұл – ұл – ұл – Ұлан
ұл – ұл – ұл – бұл
ұл – ұл – ұл – пұл

5. Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған л дыбысын қосып аяқтайды және сөзді толығымен айтады:

бал	дабы...	пұ...	ада...
қа...	қызы...	қа...	қа...
қама...			

6. Сен баста, ал мен аяқтаймын (бала буындарды айтады, ал ересек қажетті буынға екпін түсіріп, сөйлемді аяқтайды):

Ла – ла – ла – суға қонды шағала.
Лы – лы – лы – мына ыдыс толы.
Лу – лу – лу – затты жәшікке салу.
Лү – лү – лү – мен ұстадым ұлу.
Лұ – лұ – лұ – оның есімі – Лұқпан.
Ло – ло – ло – мынау қай лото.
Ал – ал – ал – мен ектім тал.
Ол – ол – ол – биыл астық мол.
Ыл – ыл – ыл – соғылды дабыл.
Ұл – ұл – ұл – анасыз бала тұл.

Ескерту: Осы мәтінді бала толық есіне сақтаған кезде, баламен бұл мәтінді рөл алмасу арқылы орындауға болады.

7. Сөздерді қайталап шық және аталған сөздердің ішіндегісінің қайсысы жеуге жарамды қайсысы жарамсыз екендігін ата. Бұл жердегі ең дәмді не екен?

БАЛ АЛҚА ҚОЛ БАЛЫҚ ШАҒАЛА

8. Қайталауға арналған сөздер:

Лақ, балық, бал, балапан, ұлу, қол, бала, шағала, қалақай, қол, алтын, алты, алқа, жол, сұлы, тұлым, алаша, қала, дала, сала, қызыл, жасыл, дауыл, мал, жал, жылқы, бұлт, құлып.

[Л'] дыбысын автоматизациялау

1. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз):

ЛИ – ЛИ – ЛЕ	ЛІ – ЛІ – ЛІ
ЛЕ – ЛЕ – ЛИ	ЛӨ – ЛЕ – ЛҮ
ЛИ – ЛИ – ЛІ	ЛЕ – ЛИ – ЛЕ
ЛЕ – ЛЕ – ЛӨ	ЛЕ – ЛӨ – ЛЕ
ЛҮ – ЛҮ – ЛӨ	ЛӨ – ЛҮ – ЛӨ

2. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз).

ЛӨ – ЛЕ – ЛИ – ЛҮ	ІЛ – ЕЛ – ИЛ – ҮЛ
ЛЕ – ЛҮ – ЛИ – ЛӨ	ӨЛ – ӨЛ – ӨЛ – ҮЛ
ЛҮ – ЛҮ – ЛҮ – ЛӨ	ІЛ – ІЛ – ӨЛ – ИЛ
ЛӨ – ЛӨ – ЛИ – ЛИ	ЕЛ – ҮЛ – ИЛ – ӨЛ
ЛӨ – ЛӨ – ЛӨ – ЛҮ	ҮЛ – ҮЛ – ҮЛ – ӨЛ
ЛИ – ЛИ – ЛІ – ЛИ	ӨЛ – ӨЛ – ИЛ – ИЛ

3. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

ЛЕ

ле – ле – ле – лек
ле – ле – ле – леп
ле – ле – ле – сөйле

ле – ле – ле – лезде
ле – ле – ле – еле
ле – ле – ле –

түймеле

ле – ле – ле – түзуле
ле – ле – ле – сүзгіле

ле – ле – ле – үймеле
ле – ле – ле – бөле

ЛИ

ли – ли – ли – лимон
ли – ли – ли – жигули
ли – ли – ли – Маугли

ли – ли – ли – Әли
ли – ли – ли – туфли
ли – ли – ли – Қали

ЛӨ

лә – лә – лә – ләззат
лә – лә – лә – ләйлек

лә – лә – лә – Ләйлә

ЛІ

лі – лі – лі – белі
лі – лі – лі – сіңлі
лі – лі – лі – келелі

лі – лі – лі – елі
лі – лі – лі – Текелі
лі – лі – лі – сүбелі

4. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

ЕЛ

ел – ел – ел – елік
ел – ел – ел – елес
ел – ел – ел – кел

ел – ел – ел – елші
ел – ел – ел – Елеукен
ел – ел – ел – бел

ел – ел – ел – сел
ел – ел – ел – жел
ел – ел – ел – төбел
ел – ел – ел – үстел

ІЛ

іл – іл – іл – ілгіш
іл – іл – іл – ілгек
іл – іл – іл – піл
іл – іл – іл – біл
іл – іл – іл – төгіл

ӘЛ

әл – әл – әл – әлек
әл – әл – әл – әлем
әл – әл – әл – сәл

ӨЛ

өл – өл – өл – өлке

өл – өл – өл – өлшеуіш
өл – өл – өл – көл
өл – өл – өл – төл
өл – өл – өл – сөл

ел – ел – ел – шел
ел – ел – ел – кемел
ел – ел – ел – Әсел

іл – іл – іл – ілмек
іл – іл – іл – ілес
іл – іл – іл – тіл
іл – іл – іл – зіл
іл – іл – іл – иіл

әл – әл – әл – Әлия
әл – әл – әл – әлдекім
әл – әл – әл – дәл

өл – өл – өл – өлшем

өл – өл – өл – өлең
өл – өл – өл – шөл
өл – өл – өл – бөл
өл – өл – өл – нөл

5. Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған л' дыбысын қосып аяқтайды және сөзді толығымен айтады:

бө...	төл	же...	ті...
кө...	төбе...	сә...	пі...

6. Сен баста, ал мен аяқтаймын (бала буындарды айтады, ал ересек қажетті буынға екпін түсіріп, сөйлемді аяқтайды):

Ле – ле – ле – сен құмды еле.
Ле – ле – ле – сен түймеңді түймеле.
Ле – ле – ле – сен жылдам-жылдам сөйле.
Ли – ли – ли – мен киемін туфли.
Ли – ли – ли – менің досым – Әли.
Ли – ли – ли – тоқтады жигули.
Лі – лі – лі – Айжан маған сіңілі.
Лі – лі – лі – үлес қосайық сүбелі.
Ел – ел – ел – сатып алдық үстел.
Ел – ел – ел – көп соғады жел.
Әл – әл – әл – мен сыздым дәл.
Әл – әл – әл – жетпей қалды сәл.
Өл – өл – өл – кең жайылған көл.
Өл – өл – өл – сен алманы бөл.

Іл – іл – іл – су шашады піл.

Іл – іл – іл – сен түгелдей біл.

Ескерту: Осы мәтінді бала толық есіне сақтаған кезде, баламен бұл мәтінді рөл алмасу арқылы орындауға болады.

7. Сөздерді қайталап шық және аталған сөздердің ішіндегісінің қайсысы жеуге жарамды қайсысы жарамсыз екендігін ата. Бұл жердегі ең дәмді не екен?

ЛИМОН

ЖЕЛ

КӨЛ

АПЕЛЬСИН

ТӨЛ

8. Қайталауға арналған сөздер:

Гүл, шелпек, көбелек, инелік, тіл, піл, көлеңке, елік, түлкі, көйлек, үстел, лимон, апельсин, туфли, шелек, шөл, көл, сіңлі, елші, өлең, өлке, бел, сел.

ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТАЙЫҚ

Жаңылтпаштар

1. Елеусіздің елеуіші елегіш емес,
Елеместің елеуіші елегіш.

2. Лама жайын білдің бе?
Лала гүлін жидың ба?

3. Лаула алау лаула,
Алауласын аула.

4. Алдында үлек келді,
Көп үлек түлеп келді.

5. Алты алманы алды Алма,
Алды алманы Алдан да,
Алдан, Алма алды алма
Ал, есебінен, алданба.

6. Шалшық, балшық,
Балшық, шалшық
Балшықтан ал шық.

7. Гүлжамила – бақташы,
Гүлге толы бақшасы.